



## **0105000 «Бастауыш білім беру»**

**Біліктілігі: 0105013 "Бастауыш білім беру мұғалімі"**

**Бастауыш білім беру** - білім беру жүйесінің алғашқы сатысында меңгертілетін дағдылар мен ұғымдардың жиынтық атауы. Бастауыш білім беру сатысында оқушы әріп танып, жаза білуге, дұрыс, жатық оқуға, өз ойын ауызша, жазбаша жеткізе білуге, мазмұндауға үйренеді. Бастауыш білім беру

кезеңінде оқушы алғашқы ғылыми мәліметтерді ұғуға ынталанып, қажетті дағдыларды игереді, ойлау қабілеті мен танымы қалыптасады.

### **Бастауыш білім беру мұғалімінің кәсіптік құзіреттілігі:**

- Білім алушылардың психологиялық даму ерекшеліктерін, оқу үдерісінің мәнін, дидактика заңдылықтарын білу;
- Оқу бағдарламалық құжаттарын жасақтау, негіздерін меңгерту, бастауыш мектеп оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнын талдай білу;
- Бастауыш мектептің пәндерін оқыту әдістемесін меңгеру;
- Оқу ақпараттарын модульдеу әдістерін маңгеру;
- Сабақты жобалау және құрастыру, педагогикалық мақсатқа жету үшін алған білімін саралауға талдап және жинақтауға қабілетті ойлауды дамыту тәсілдерін меңгеру;
- Мақсат пен міндеттерді анықтай, білім алушылардың іс-әрекетін жобалай, ұйымдастырушылық дағдыларын дамыта білу;
- Өзін-өзі бақылау, тиімді әдістер мен құралдарды таңдау, жоспарлау әдістерін меңгеру;
- Топ жетекшісінің қызметін, жұмыс мазмұнын, білім алушылар ұжымының диагностикалау әдісін білу;
- Оқу бағдарламалық құжаттарын жасақтау негіздерін меңгеру, бастауыш мектеп оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнын талдай білу;
- Ақпараттық –оқыту ортасын құрастыра білу;
- Мұғалім мен білім алушының портфолиосының мазмұнын жинақтау (жинау) әдістерін меңгеру;
- Оқу сапасының мониторингін жүргізе білу.

**Мерзімі: 11 сыныптан кейін: 2 жыл 6 ай;**

**9 сыныптан кейін: 3жыл 6 ай.**